<p>Орынбаев Кантар Бекаралович 25.01.1971 ж.</p>	<p>20.03.2013 жылдан – қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ, Басқарма Төрағасы. 18.11.2011 ж. – 19. 03.2013 ж. – «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы. 24.08.2011 ж. – 31.10.2011 ж. – «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары. 01.03.2010 ж. – 23.08.2011 ж. - «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары. Өкілеттігі: акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйы рмен жұмыс істеу басқармасының қызметтің жетекшілік етуі.мдастыру, үшінші тұлғалармен болатын қатынастарда банк атынан сенімхатсыз әрекет ету, банктің үшінші тұлғалармен қатынастарында банктің мүдесін қорғау құқығын беруге сенімхат беру, міндеттерді, сондай-ақ банктің атқарушы органы мүшелерінің арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, банктің жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асыру, Басқарма Төрағасы Аппараты, Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті, Тәуекелдер департаменті, Қызметкерлермен жұмыс істеу басқармасының қызметтеріне жетекшілік ету.</p>	<p>жоқ</p>
<p>Жаканбаев Ришат Сельмарович 19.08.1964 ж.</p>	<p>13.02.2012 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ қаржы директоры - басқарма мүшесі. 13.12.2011 ж. - 10.02.2012 ж. - «Нұрбанк» АҚ қаржы директоры - Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы. 05.01.2011 ж. – 12.12.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ қаржы директоры - басқарма мүшесі. 07.07.2010 ж. - 04.01.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ Бас бухгалтеры. 07.05.2007 ж. - 30.04.2010 ж. - «Альянс Банк» АҚ Бухгалтерлік есеп және есеп беруді департаментының директоры - Бас бухгалтеры. Өкілеттіктер: «Нұрбанк» АҚ-ның Бюджеттендіру және контроллинг басқармасының, Бас операциялық департаменттің, Кредиттік ікімшілік жіргізу басқармасының қызметтеріне жетекшілік етуі.</p>	<p>жоқ</p>
<p>Ахметов Сакен Кадинович 08.05.1963 ж.</p>	<p>13.12.2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары. 14.10.2011 ж. – 12.12.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары - Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы. 05.01.2011 ж. - 13.10.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ Басқарма</p>	<p>жоқ</p>

	<p>Төрағасының орынбасары. 15.09.2010 ж. - 04.01.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ басқарушы директоры. 07.07.2010 ж. - 14.09.2010 ж. – «Нұрбанк» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі. 01.07.2009 ж. -10.01.2010 ж. - «АлЭС» АҚ қазынашылық басқармасының бастығы 08.01.2008 ж. - 30.06.2009 ж. - «АлЭС» АҚ қазынашылық департаментының бастығы Өкілеттіктер: басқарушы директор К.М. Касеновтың жұмысына, «Нұрбанк» АҚ-тың Шағын және орта бизнес департаментінің, Корпорациялармен жұмыс істеу департаментінің, Сауданы қаржыландыру бөлімінің қызметтеріне жетекшілік етуі.</p>	
<p>Турмагамбетов Кайрат Жумабекович 15.06.1960 ж.</p>	<p>01.10.2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі. 20.08.2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ-тың «Money Experts» ЕҰ» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі. 01.10.2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ-тың «Атамекен» ЖЗК ЕҰ» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі. 29.06.2011 ж. – 30.09.2013 ж. – Қазынашылық басқармасының бастығы. 03.05.2010 ж. – 28.06.2011 ж. – «Finance Consulting E&K» ЖШС-ның Директорлар кеңесінің Төрағасы. 25.05.2009 ж. – 26.04.2010 ж. – «Smart Group» АҚ-тың Басқарма Төрағасы. Өкілеттігі Қазынашылық басқармасының, Капитал басқармасының, «Нұрбанк» АҚ-тың Мәскеу қ. Өкілдігінің, «Нұрбанк» АҚ-тың еншілес ұйымдарының қызметтеріне жетекшілік ету.</p>	жоқ
<p>Тенбаев Максұт Тлекенович 02.01.1977 ж.</p>	<p>05.01.2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ-тың басқарушы директоры - Басқарма мүшесі. 25.05.2010 ж. - 04.01.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының кезесшісі. 27.11.2007 ж. - 12.04.2010 ж. - «Kaspi Bank» АҚ Қарағанды қаласындағы филиалының директоры. 04.05.2007 ж. - 26.11.2007 ж. – «Kaspi Bank» АҚ Алматы қ. «Ақсай» филиалы әкімшілігі директорының кредиттеу жөніндегі орынбасары. 01.04.2007 ж. - 03.05.2007 ж. - «Kaspi Bank» АҚ Алматы қ. «Ақсай» филиалы Шағын бизнесті кредиттеу бөлімінің бастығы. Өкілеттігі: «Нұрбанк» АҚ-ң Төлем карточкалары басқармасының, Байланыс орталығының, Бөлшек сауда бизнесі департаментінің қызметтеріне жетекшілік ету.</p>	жоқ
<p>Мусатаева Гульнара Абаевна 28.12.1967 ж.</p>	<p>23.05.2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ-тың басқарушы директоры - Басқарма мүшесі. 13.06.2008 ж. – 18.05.2011 ж. – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің Қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары. 15.02.2008 ж. – 13.06.2008 ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің Заң департаментінің Қаржы нарығын реттеуді құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы. Өкілеттігі: «Нұрбанк» АҚ-тың Заң департаментінің, Кепілзаттық қамтама басқармасының, Кінәрат-қуыным жұмыстары және атқару өндірісіне бақылау жүргізу басқармасының, Әкімшілік-шаруашылық басқармасының қызметтеріне жетекшілік ету.</p>	жоқ
<p>Сарсебеков Нурлан Жумабекович 07.07.1976 г.</p>	<p>2013 жылды 03 маусымынан бастап қазіргі уақытқа дейін – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі. 10.06.2011 ж. – 24.08.2012 ж. – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жүйелік қамтамасыз ету мен телекоммуникациялар департаменті директорының орынбасары. 01.01.2007 ж. – 09.06.2011 ж. - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жүйелік қамтамасыз ету мен телекоммуникациялар</p>	жоқ

	департаменті Телекоммуникациялар мен байланыс құралдары басқармасының бастығы. Өкілеттігі: «Нұрбанк» АҚ-тың Ақпараттық жүйелер департаментінің, Инфрақұрылымды қолдау департаментінің, Жобалар және үдерістерді автоматтандыру департаментінің қызметтеріне жетекшілік ету.	
--	--	--

2. «ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДЫРЫ» 1 - бөлімнің «Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері» атты 13-1-тармағының төмендегідей редакцияда баяндалсын:

13-1. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері

1. Ішкі аудит жөніндегі комитет
2. Стратегиялық жоспарлау комитеті
3. Әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселелері жөніндегі комитет

Ішкі аудит жөніндегі комитет

1. Комитетті құру және оның қызметінің мақсаты Банктің Директорлар кеңесі Банктің қызметіне бақылау жүргізу функциясын, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына және олар сайма-сай қызмет етуіне бақылау жүргізу функциясын тиімді атқаруына жәрдемдесу болып табылады.

2. Комитеттің негізгі міндеті:

- 1) Банктің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері;
- 2) Банктің ішкі аудитінің қызметі;
- 3) ішкі аудит;
- 4) Банктік қаржылық, шаруашылық қызметі;
- 5) осы Ережеден туындайтын басқа міндеттер, Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмалары, шешімдері саласында шешім қабылдау үшін Банктің Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу және оларды беру болып табылады.

3. Комитет белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Банктің Директорлар кеңесіне және сыртқы пайдаланушыларға берілетін қаржылық есептілік бөлігінде:

а) Банктің басқарушылық және қаржылық ақпарат пен есептілікті түзуге байланысты ағымдағы барлық үдерістер туралы ақпаратты алу;

б) Банк Басшылығымен бірлесе талқылау арқылы бухгалтерлік есеп қағидаттарын пайдалану негіздемелері мен жарамдылығының растамасын алу және маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен Банк жасаған жорамалдарды түсіну;

в) Банктің Басшылығымен, сырт аудиторлармен, ІАҚ-мен бірлесе талқылау арқылы Банктің есептік саясатына енгізілетін өзгертулерді және аталған өзгертулердің Банктің қаржылық есептілігі бойынша ашылуына ықпал етуін қарастыру;

г) Банктің Директорлар кеңесіне және сыртқы пайдаланушыларға берілетін қаржы ақпаратында көрсетілген деректердің сенімділігін және дұрыстығын талқылау мақсатында Банктің сыртқы аудиторымен кездесу жүргізу туралы бастама жасауға құқылы;

д) ақпаратты кейіннен Банктің Директорлар кеңесіне бере отырып, Банктің сыртқы аудиторы Банктің бухгалтерлік есебінде тапқан кез келген елеулі кемшіліктерді талқылау;

е) Банктің қаржылық есептілігі аудитінің сұрақтарына қатысты Банктің сыртқы аудитормен Банк Басшылығы арасында туындаған кез келген елеулі келіспеушіліктерді талқылау;

ж) қажет болған жағдайда Банктің бас бухгалтерімен бірлесе отырып, аудит жүргізілген қаржы есептілігі бойынша (аудиторлық есептің соңғы нұсқасы) ашылурды, оның ішінде аудиторлық тексеріс нәтижелері бойынша Банктің сыртқы аудиторы ұсынған елеулі түзетулердің негіздемесі мен жарамдылығы бойынша Банктің сыртқы аудиторымен талқылау үдерістеріне қатысу;

з) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына енгізілетін өзгертулер туралы ақпаратты және олардың Банктің қаржылық есептілігіндегі ақпараттың дәлме-дәл ашылуына тигізетін ықпалын талқылау.

2) Ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі бөлігінде:

а) Банктің қаржылық есептілігіне жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша Банктің сыртқы аудитору беретін есептерді, Банктің ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің күй-жайы туралы, оның ішінде Банктің ағымдағы қызметін тиімді жүргізілуіне елеулі әсерін тигізетін табылған барлық кемшіліктерді талқылау және осы және шектес сұрақтар бойынша Банктің Директорлар кеңесіне ұсыныс беру;

б) Банктің ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі тәуекелдерге адекватты бақылау орнату мәселелерін және аталған тәуекелдердің азайуын бақылау бойынша Банк Басшылығы әзірлеген сәйкесті жоспар мен іс-шараларды қарау үшін Банк Басшылығы мен ІАҚ-мен кездесулер жүргізу;

в) Банктің ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша Банктің Басшылығы бекіткен іс-шаралардың орындалу нәтижелерін талқылау;

г) Банктің сыртқы және ішкі аудиторларының ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қатысты ұсыныстарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

д) Банктің ағымдағы қызметіндегі жойылуға тиіс кемшіліктерді жоюға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі агенттігін қоса, мемлекеттік органдардың тарапынан қойылған талаптардың орындалуы бойынша ІАҚ есептерін талқылау;

е) сыртқы аудит жүргізу барысында Банктің ішкі бақылау жүйесінде табылған кемшіліктерді бұдан әрі де жою іс-шараларын жүзеге асыру бойынша Банк Басшылығы үшін ұсыныстарды белгілеу мақсатында ІАҚ және сыртқы аудитордың қатысуымен мәжіліс өткізе алады;

ж) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша Банктің саясаты мен жосықтарын алдын ала келісу.

3) Сыртқы аудит сұрақтары бойынша:

а) Банктің сыртқы аудиторын белгілеу және оны ауыстыру мәселелерін зерделейді және аталған мәселе бойынша ұсыныс дайындайды;

б) сыртқы аудитор Банкке көрсететін (қызмет көрсету жоспарында тұрған) барлық қосымша қызметтердің тізбесін сыртқы аудитордан алуды қамтамасыз ету. Сыртқы аудитордың тәуелсіздігі мен қосымша қызметтердің бір-бірімен қаншалықты үйлесетінін бағалау. Банктің Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды қолдану туралы ұсыныс жасау;

в) аудиторлық қызмет көрсету келісімшарты (өзара шарт) бойынша өтемақы төлеу реті мен мөлшерін талқылау, Банк жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін сыртқы аудитормен жасалатын келісімшарт (өзара шарт) жобасының елеулі шарттарын алдын ала қолдау және Банктің Директорлар кеңесіне сәйкесті ұсыныс беру;

г) Банктің сыртқы аудитору өзіне алған міндеттемелерді орындауына, оның ішінде келісімшартта айтылған мерзімдерде сапалы қызмет көрсетілуіне мониторингі жүргізу;

д) жылына бір реттен көп рет, берілген өкілеттік шеңберінде Банк Басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы аудитормен кездесіп отыру және сыртқы аудитормен бірлесе отырып, аудиттің нәтижелері бойынша Банк басшылығының ақпаратын қоса жыл сайынғы және аралық аудит нәтижелерін талқылау;

е) кейіннен орындалуын бақылай отырып, сәйкесті жылдың қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша Банктің сыртқы аудитору берген ұсыныстарының негіздемелерін және Банк Басшылығының жауаптарын талқылау;

ж) жүргізілген жылдық сыртқы аудит нәтижелері бойынша Комитет Банктің сыртқы аудитору көрсеткен қызметінің сапасына баға береді.

4) Ішкі аудит сұрақтары бойынша:

а) Комитет Банктің ағымдағы қызметі бойынша қолдағы ақпаратты Акционерлердің жалпы жиналысына және Банктің Директорлар кеңесіне толыққанды ашуға бағытталған корпоративтік басқару жүйесін мақұлдасады;

б) ІАҚ бірлесіп, ІАҚ-тың кадр ресурстарының жеткіліктілігін қарау, алдын ала мақұлдасып, ІАҚ құрамының саны мен жұмыс істеу тәртібі туралы ұсыныс енгізу;

в) Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарын сақтай отырып, ІАҚ өзінің тікелей міндеттерін толық көлемде және жоғары сапамен орындауы үшін Банктің қызметі бойынша кез келген қажетті ақпаратты ІАҚ-тың алуға рұқсаты болуын ІАҚ-мен талқылау;

г) ІАҚ туралы ережені, ІАҚ жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары мен ІАҚ қызметін реттейтін басқа құжаттарды, сондай-ақ оларға жасалатын өзгертулер мен толықтыруларды алдын ала талқылау;

д) ІАҚ өзінің қызметтік міндеттерін тәуелсіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, сондай-ақ ІАҚ алдына қойған мәселелерді тиімді орындау барысында туындайтын шектеулерді алу мәселелерін талқылау және ондай шектеулерді алуға сеп болу;

е) ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын, бюджетін (шығыс сметасын) алдын ала қарау;

ж) табылған кемшіліктерді жою үшін Банк қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған сәйкесті іс-шараларды қолдану бойынша ұсынымдар мен ақыл-кеңес әзірлеу мақсатында жүргізілген әр тексеріс нәтижелері бойынша ІАҚ-тың есептерін алу және талдау;

з) қажет болған жағдайда Банктің Директорлар кеңесімен келісе отырып, қызығушылық бар мәселелерге қатысты ІАҚ тәуелсіз тексеріс жүргізуіне сөз бастау.

5) Қызмет туралы есеп беру:

а) жүйелі түрде жылына бір реттен кем емес, өзінің қызметі жайлы Банктің Директорлар кеңесіне есеп беру.

6) Басқа міндеттер:

а) қажет болуына қарай Банктің Директорлар кеңесіне арнайы тергеу (тексеріс) жүргізу, оның ішінде тәуелсіз сарапшылар тарта отырып, жөнінде ұсынымдар дайындау;

б) Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Комитеттің құзырызетіне жататын басқа міндеттерді атқару.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

1) стратегиялық мақсаттарды (даму стратегиясы), сондай-ақ оларға өзгертулер/толықтырулар енгізуді алдын ала талқылау және мезгілді уақытта қайта қарап шығу;

2) экономикалық, бәсекелестік ортаның даму стратегиясына ықпал ететін өзгерістеріне мониторингі жүргізу және сол өзгерістерді ескере отырып даму стратегиясын қайта қаралуын/қайта бағалануын қамтамасыз ету;

3) жүйелі түрде, жоқ дегенде жылына 1 (бір) рет, даму стратегиясын іске асыру іс-шараларының және алдыға қойған мақсаттарға жету ұсыныстардың тиімділігін бағалауды қоса даму стратегиясын іске асыру іс-шараларының орындалуын қарау және ДК-не есеп беру;

4) Банк қызметінің (даму) басым бағыттарын белгілеуге қатысты, сондай-ақ ұзақ мерзімді келешекте Банк дамуының тиімділігін арттыруға қатысты стратегиялық шешімдерді табу үшін оларды талдау мен ДК-не ұсыным беру және бекітілген Банктің даму стратегиясының басым бағыттарын ұстануын бағалау;

5) ДК-ға Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есеп беру;

6) Комитеттің құзыреті шеңберіндегі, оның ішінде Банктің ДК-сі, Банктің ІНҚ және басқа өкімгерлік құжаттарымен белгіленген басқа функцияларды атқару.

Әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселелері жөніндегі комитет

1) әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша:

а) Әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада қарастырылған әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерге қатысты қосымша кепілдіктер мен жеңілдіктер бөлігінде қолданыстағы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

б) Банк жұмыскерлерін әлеуметтік қолдау түрлері мен әлеуметтік қолдау көрсету саясаты бойынша ұсынымдар тізбесін әзірлеу;

в) Банк жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету мәселелерін реттеуші Банктің ішкі нормативтік құжаттарының жобасын талқылау және Банктің жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету мәселелерін шешу жөнінде ұсыным жасау;

г) гендерлік теңдік қағидаттары сақталуына бақылауды қамтамасыз ету, гендерлік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру бойынша ұсынымдар әзірлеу, гендерлік саясаттың жүзеге асырылуына мониторингі жүргізу;

д) Қазақстан Республикасындағы мүгедек жандарға әлеуметтік қолдау саясатының орындауына бақылауды жүзеге асыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу, мүгедек жандардың жеке оналту бағдарламасын ескере отырып еңбекке қабілетті мүгедек жандарды Банктің еңбек қызметіне қосу жөнінде бағдарламалар әзірлеу;

е) жұмыс істемейтін зейнеткерлерді (кеңесші және сарапшы ретінде жұмысқа тарту) қолдау бағдарламасын әзірлеуге, жұмыскерлерді зейнетке шығуға дайындау шараларын іске асыру және зейнетке шыққан кезде оңтайлы үяждеме дайындауға қатысу;

ж) Банк жұмыскерлерін материалдық емес ынталандыру жүйесін дамыту, ведомстволық және Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттауларына ұсыну, «Нұрбанк» АҚ-тың құрмет грамотасын марапаттауға, Банктің Директорлар кеңесі мен Басқарма Төрағасының алғыс айтқан хатымен ынталандыруға, сондай-ақ бағалы сыйлықтармен марапаттауға ұсыныс жасау;

е) әлеуметтік мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылап отыру.

2) кадр саясаты мәселелері бойынша:

а) ұйымдық-штаттық, ақпараттық, қаржылық саясат пен қызметкерлерді дамыту саясатының өзара ынтымақтастық ету қағидаттары негізінде құрылған Банктің кадр саясатын құрудың негізгі қағидаттарын әзірлеу;

б) Банктің бекітілген ұйымдық құрылымына сәйкес басшылық лауазымдарға, корпоративтік хатшы лауазымына үміткерлеріне, ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне, комплаенс-бақылаушыға және Банктің Директорлар кеңесіне бағынышты құрылымдық бөлімшелер басшыларына қойылатын критерий мен біліктілік талаптарын белгілеу;

в) Банктің Директорлар кеңесінің алдына жұмыскерлерді басшылық лауазымдарға, корпоративтік хатшы лауазымына, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерін, Банктің Директорлар кеңесіне бағынышты құрылымдық бөлімшелердің басшыларын тағайындауға, сондай-ақ Банктің Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты мәселелерді алдын ала қарап, қорытынды шығару;

г) қажет болған жағдайда Банктің еншілес ұйымдарының басшы лауазымыдарына үміткерлерді алдын ала таныстырып, келісім алу;

д) Басқарма Төрағасы және оның мүшелерімен жасалатын еңбек келісімшарттарының елеулі шарттарын белгілеу жөніндегі ұсынымдарды түзу;

е) үздіксіз білім беру корпоративтік жүйесін дамыту негізінде, кәсіптік стандарттар негізінде корпоративтік оқыту жүйесін жетілдіру негізінде Банктің барлық деңгейдегі жұмыскерлерінің кәсіптілігін арттырудың басым бағыттарын белгілеу, сондай-ақ кадр резервін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, Банктің бизнес-бағытының қажеттілігіне сәйкес жас мамандарды мақсатты дайындау бойынша бағдарламаларды жүзеге асырысу;

ж) Банкіде қатаң ұйымдық тәртіпті орнатуға және оны ұстануына, жұмыскерлер қызметтік міндеттерін нық орындауларын және жауаптылығын, еңбек және өндірістік тәртіптің қатан орындалуын бақылап отыру;

з) Банктің кадр мәселелерін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын алдын ала талқылау;

к) кадр саясатына байланысты Банктің Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылап отыру.

3) сыйақы мәселелері бойынша:

а) Банктің Ішкі аудит қызметінен бөлек Банктің бекітілген ұйымдық құрылымына сәйкес Банктің басшы жұмыскерлеріне, корпоративтік хатшыға, Банктің Директорлар кеңесіне бағынышты құрылымдық бөлімшелердің басшыларына төленетін айлық ақы мен еңбек ақы төлеу шарттарын белгілеу туралы ұсыным әзірлеу және талқыға қою;

б) Банктің Ішкі аудит қызметінен бөлек Банктің бекітілген ұйымдық құрылымына сәйкес Банктің басшы жұмыскерлері, корпоративтік хатшы, Банктің Директорлар кеңесіне бағынышты құрылымдық бөлімшелердің басшылары жұмысының нәтижелерін алдын ала бағалау;

в) Банктің Ішкі аудит қызметінен бөлек Банктің бекітілген «Нұрбанк» АҚ-тың Бас Банк пен филиал жұмыскерлеріне негізгі қызмет қорытындысы бойынша сыйлықақы төлеу тәртібіне сәйкес Банктің басшы жұмыскерлері, корпоративтік хатшы, Банктің Директорлар

кеңесіне бағынышты құрылымдық бөлімшелердің басшылары жұмысының нәтижелеріне берілген баға бойынша сыйлықақы төлеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

г) Банктің Директорлар кеңесіне Банктің басшы жұмыскерлерінің, корпоративтік хатшысының, Банктің басқа жұмыскерлерінің еңбегін төлеу және сыйақы төлеу жүйесінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының компаниялары-резиденттері құзыметтеріне ұқсас түрі мен көлемін салыстырып тексергендегі салыстырмалық талдау жүргізу және оның қорытындысын беру;

д) «бірдей еңбекке теңдей ақы» негізгі қағидаты бойынша Банк жұмыскерлерін мотивациялаудың тиімді жүйесін құруға кешенді амалын түзу;

е) жұмыскердің тұрмыстық деңгейін көтеруге бағытталған қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша Банк жүргізіп жатқан жаңашылықтар туралы ақпаратты жұмыскерлерге жеткізуге мүмкіндік беретін жұмыскермен кері байланыс орнатуға бақылау жүргізуге;

ж) сыйақы мәселелері бойынша Банктің Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылап отыру.

4) корпоративтік басқару мәселелері бойынша:

а) Банктегі корпоративтік әдеп тәртібінің сақталуына, әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесі бойынша іскерлік корпоративтік мәдениет қалыптасуына және оның берік орындалуына мониторингі жүргізу;

б) әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесі бойынша корпоративтік басқару мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

в) әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесі бойынша корпоративтік басқару саласында туындаған және ықтималды мүдделер қақтығыстарын шешу жолдарын табу;

г) әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесі бөлігінде Банктің корпоративтік беделін және оның жұмыскерлерінің корпоративтік рухын көтеруге бағытталған ұсынымдарды әзірлеу;

д) әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесі бойынша іскерлік әдеп қағидаттарын ендіру бойынша ұсынымдар әзірлеу және оларды ендіруге жәрдемдесу;

5) басқа функциялар:

а) осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

б) Банктің Директорлар кеңесі бекіту үшін Комитеттің қызметіне қатысты құжаттардың үлгілік нысандарын әзірлеу және беру;

в) жекелеген әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесі бойынша Банктің Директорлар кеңесінің талабы бойынша тұжырым немесе өз бастамасы бойынша ұсыныс дайындау;

г) Банктің Директорлар кеңесіне Комитеттің жыл бойығы жұмысы туралы есепті дайындау және беру;

д) әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесіне қатысты Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмасы және/немесе шешімдері бойынша басқа міндеттерді орындау.

Комитеттердің мүшелері:

Ішкі аудит жөніндегі комитет

Комитет мүшесінің аты-жөні	Комитетке кірген уақыты
Александр Леонидович Фролов, 17.10.1958 ж. т.	28.12.2012 жыл
Ирина Ивановна Татаркова 19.11.1968 ж.т.	28.12.2012 жыл
Ардак Касымовна Орынбетова 26.11.1977 ж.т.	28.03.2013 жыл
Зулеева Асия Махамбетовна 13.06.1973 ж.т.	10.10.2013 жыл

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Комитет мүшесінің аты-жөні	Комитетке кірген уақыты
Александр Леонидович Фролов, 17.10.1958 ж. т.	21.08.2012 жыл
Ришат Сельмарович Жаканбаев 19.08.1964 ж. т.	21.08.2012 жыл
Галия Галиевна Строева 05.02.1973 ж. т.	21.08.2012 жыл
Турмагамбетов Кайрат Жумабекович 15.06.1960 ж. т.	10.10.2013 жыл

Әлеуметтік мәселелер, кадр және сыйақы мәселесі жөніндегі комитет

Комитет мүшесінің аты-жөні	Комитетке кірген уақыты
Александр Леонидович Фролов, 17.10.1958 ж. т.	06.11.2012 жыл
Минура Мухамедовна Мугадами 13.04.1976 ж. т.	06.11.2012 жыл
Анар Отанбековна Алмабекова 20.04.1972 ж. т.	06.11.2012 жыл
Кожаметова Алия Кенесбаевна 12.03.1967 ж. т.	10.10.2013 жыл

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Ішкі бақылау басқармасының бастығы



Орынбаев К. Б.

Сулейманова Г. А.

Татаркова И. И.



Проинуровано 12 стр.

Пронумеровано 12 стр.

Председатель Правления АО «Нурбанк»

Орынбаев К.Б.

Главный бухгалтер АО «Нурбанк»

Сейманова Г.А.



«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын бақылау мен реттеу агенттігі»

[Signature]

2013 ж. «25 қаңар»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН
ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН
БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ
КОМИТЕТІ



050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 67
тел.: (727) 2788104, факс: (727) 2725297
E-mail: kfn@nationalbank.kz

25.10.13 № 66-4-3-2/4882

КОМИТЕТ
ПО КОНТРОЛЮ И НАДЗОРУ
ФИНАНСОВОГО РЫНКА
И ФИНАНСОВЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ
НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, г. Алматы, ул. Айтеке би, 67
тел.: (727) 2788104, факс: (727) 2725297
E-mail: kfn@nationalbank.kz

АО «Нурбанк»

050004, г. Алматы,
пр. Абылай хана, 51-53
тел.: 8(727) 259-97-10

На исх. №11/1/5520 от 12.10.2013г.

**О регистрации изменений и дополнений
в проспекты выпуска эмиссионных ценных бумаг**

Комитет по контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций Национального Банка Республики Казахстан (далее – Комитет) сообщает об осуществлении государственной регистрации изменений и дополнений в проспекты облигационной программы (B42), четвертого выпуска купонных, несубординированных облигаций (D72), пятого выпуска купонных облигаций без обеспечения (D73) АО «Нурбанк» и направляет по одному экземпляру указанных изменений с отметкой Комитета.

В целях обеспечения оценки эффективности деятельности Национального Банка Республики Казахстан и повышения качества оказываемых государственных услуг, Комитет просит заполнить прилагаемую карточку оказания государственной услуги. Данную карточку необходимо заполнить первому руководителю (либо лицу его замещающего).

Заместитель Председателя Комитета

М.Хаджиева

Исп.: Баратова М., тел.: 2788 038

№ 0003263